

**"Ақтөбе облысының Қобда ауданының аумағын аймақтарға бөлу туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 201 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 496 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 желтоқсанда № 5159 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 201 "Ақтөбе облысының Қобда ауданының аумағын аймақтарға бөлу туралы" қаулысының ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4963 тіркелген, 2016 жылғы 28-29 маусымда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары М.С.Жұмағазиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*Б.Сапарбаев*